



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 9 сәуір

2018 жылғы 30 наурыздан 6 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

06 сәуірдегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,4%-ға (318,31-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 319,66 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 30 наурыздан 6 сәуір аралығындағы маңызды оқиғалар АҚШ пен Еуроаймақтағы халықтың жұмыспен қамтылуы бойынша деректер, Еуроаймақтағы инфляцияның өсуі бойынша деректер, ФРЖ өкілдерінің монетарлық саясатқа және экономикалық өсуге қатысты түсініктемелері, АҚШ-тың Қытаймен әлеуеттік сауда –саттық аясындағы жаңалықтар болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының біршама құбылмалығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** бір жыл ішінде тұтыну бағасы индексінің 10,23%-ға өсуі аясында 2,3%-ға (3,96-дан 4,05-ке дейін) әлсіреді, бұл нысаналық деңгейден (5%) және нарықтың күтуінен (10,03%) жоғары;

- **Бразилия реалы** Бразилияның экс-президенті Луис Инасиу Лула да Силваны сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін кінәлі деп тану туралы жоғарғы соттың қаулысының және оны 12 жылға бас бостандығынан айыру туралы қаулының аясында 1,8% -ға (3,31-ден 3,37-ге дейін) әлсіреді;

- **Оңтүстік Африка рэнді** президент Сирил Рамафоздың Eskom Holdings SOC Ltd. (энергиямен қамту) және Transnet SOC Ltd. (темір жолдар мен порттарға қызмет көрсету) компанияларындағы жемқорлық туралы мәлімдемесінің аясында 1,6%-ға (11,84-тен 12,03 -ке дейін) әлсіреді.

- **Ресей рублі** Ресейдің АҚШ-тағы президенттік сайлауға араласуы ықтималдығын зерттеу аясында Ресейдің кейбір компанияларына, шенеуніктері мен азаматтарына қарсы санкцияларды кеңейту, сондай-ақ мұнай бағасының әлсіреуі аясында 1,3%-ға (57,34-тен 58,10-ға дейін) әлсіреді.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- Мексика песосы 0,6%-ға (18,18-ден 18,29-ға дейін) әлсіреді;
- Индонезия рупиясы 0,4%-ға (13 728-ден 13 778-ге дейін) әлсіреді;
- Үндістан рупиясы 0,3%-ға (65,18-ден 64,98-ге дейін) нығайды;



Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz